

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

**2020 жылғы 22 сәуірде
жарияланды**

**Қазақстан Республикасының
Премьер – Министірі
А.Ұ. Маминге**

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Елімізде көктемгі дала жұмыстары басталды (бұдан әрі – ҚДЖ). Төтенше жағдай кезінде Ел басшылығымен туындаған мәселелерді шешу жөнінде уақтылы шаралар қабылданып жатыр.

Ауыл тұрғындарын толғандыратын аса өзекті мәселелердің бірі – ҚДЖ қаржыландыру болып табылады. АӨК субъектілерін несиелендіру «ҚазАгро» ҰБХ-ның «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы, сондай-ақ Екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі – ЕДБ) және кредиттік серіктестіктерді (бұдан әрі – КС) қорландыру арқылы жүргізіледі. Шамамен, 170 млрд. теңге бөлінгеніне қарамастан, бұл қаражат толық көлемде игерілмеуде және соңғы қарыз алушыларға, бірінші кезекте Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) кепілдіктерінің болмауы немесе жетіспеуі себебінен жетпей жатыр.

Қаржыландыру проблемасын шешу жолдарының бірі – өнімді форвардтық сатып алуды қолдану болуы мүмкін. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ағымдағы жылғы 31 наурыздағы мәлімдемесінен дәйексз келтіремін: «Жергілікті шағын және орта бизнестің әлеуетін іске қосу өте маңызды. Әкімдіктер мен үкімет («Мемлекеттік азық-түлік корпорациясы» арқылы) отандық ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындардың өнімдерін кем дегенде 6 ай бойы кепілді сатып алу тәртібін жолға қоюы керек, яғни «форвардтық сатып алу» немесе «болашақ өнімге сатып алу» деп аталатын механизмін енгізу керек.

Төрт күннен кейін, Қазақстан Президенті Үкіметке форвардты сатып алу құралын енгізу туралы өзінің тапсырмасын еске салды: «Қаржыландыру

тетігін, сомасы мен көздерін жедел бекітуді сұраймын. Іске асыруды бастау, апробациялау, ал табыс жағдайында – масштабтау маңызды» – деді. Сондай-ақ, ол: «Ауыл шаруашылығы министрлігі жинақтауды және оларға жылдам әрекет етуді қамтамасыз етуі керек. Бірыңғай колл-орталық қажет. Көктемгі егіс жұмыстарын қолдауға арналған қаражатты уақытында адресаттарға жеткізу керек» – деп атап өтті.

Өкінішке орай, аталған қолдау тетігі кешіктірілуде, ал АШТӨ қаржыландыру қиындықтарын бастан кешіруде. Өткен жылдарда, астықты форвардтық сатып алуды қолдану кезінде «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ АШТӨ-ге кепілгер ретінде өңірлік Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі – ӘКК) мүмкіндіктерін пайдаланды. Мұндай схемада әкімдіктер жергілікті тауар өндірушілермен барлық ұйымдастыру мәселелерін нақты және уақтылы пысықтап отырды, қаражатты қайтару кезінде проблемалар болған жоқ.

Осыған байланысты форвардты сатып алуды жүргізу үшін өңірлік ӘКК мүмкіндіктерін пайдалануды қарастыруды ұсынамыз. Біріншіден, ӘКК әкімдіктердің қаржы институты ретінде қарыз алушы туралы толық ақпараттары бар. Екіншіден, сатып алынатын өнім ең алдымен жергілікті халықтың қажеттілігі үшін қажет. Бұл тетік тұрақтандыру қорларын толықтыруға және өнімдерді делдалсыз сату мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді, бұл «алаңнан сөреге дейін» деп аталады. Сондай-ақ, жарма, дөңді, майлы дақылдар, картоп және көкөніс сияқты бірнеше бағыттар бойынша өнімдер сатып алуды ұсынамыз.

ӘКК-ні «ҚазАгро» АҚ арқылы да, немесе республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттердің бір бөлігін жергілікті бюджетке қайта бөлу жолымен де қаржыландыруға болады.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, қорытындылай келе, Сізден ҚДЖ кезінде фермерлер мен АШТӨ-нің «Жасыл дәліз» арқылы кедергісіз өту мәселесіне тағыда назар аударуыңызды және түйін салуыңызды сұраймыз! Қазіргі уақытта әр күн және әр сағат өте маңызды, өйткені жер жұмыстары күттірмейді! (Бүгінгі таңда өңірлердегі штабтар бұл мәселені өз қалауы бойынша реттеп отыр, бірыңғай алгоритм және нақты ережелер жоқ. ІІМ, АШМ және ДСМ арасында өзара іс-қимыл жоқ).

Депутаттық сауалды қарауды және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
Аграрлық мәселелер комитетінің мүшелері**

**Б. Оспанов
Ж. Дүйсебаев
Н. Әлтаев**

№ исх: ДС-82 от:
22.04.2020

Н. Әшімбетов
Е. Барлыбаев
А. Дәуренбаев
А. Ералиев
Б. Жылқышиев
С. Звольский
Р. Ким
С. Қаныбеков
А. Қоңыров
М. Теміржанов
С. Үмбетов

Орын.: А. Әлімғожаев
Тел.: 74-67-47

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

Оглашен 22.04.2020 г.

Премьер – Министру
Республики Казахстан
Мамину А.У.

Депутатский запрос

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

В стране начались весенние полевые работы (далее – ВПР). В условиях чрезвычайного положения Руководством страны принимаются своевременные меры по решению возникающих вопросов.

Одним из наиболее актуальных вопросов, волнующих сельчан, является финансирования ВПР. Кредитование субъектов АПК ведется НУХ «КазАгро», через АО «Аграрная кредитная корпорация» и АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства», а также через фондирование Банков второго уровня (далее – БВУ) и кредитных товариществ (далее – КТ). Несмотря, что выделено порядка 170 млрд. тенге, данные средства в полной мере не осваиваются и не доходят до конечных заемщиков, в первую очередь по причине отсутствия или недостатка залогов у сельскохозяйственных товаропроизводителей (далее – СХТП).

Одним из путей решения проблемы финансирования могло быть стать применение форвардного закупа продукции. Из заявления Президента страны Касым-Жомарт Токаева 31 марта т.г., цитирую: «Крайне важно также задействовать потенциал местного малого и среднего бизнеса. Акиматы и правительство (через «Государственную продовольственную корпорацию») должны наладить механизм гарантированного закупа продукции у отечественных сельхоз и перерабатывающих предприятий, как минимум на бмесяцев вперед, то есть внедрить, так называемый «форвардный закуп» или «покупку под урожай».

Уже через четыре дня Президент Казахстана напомнил Правительству о своем поручении внедрить инструмент форвардных закупок: «Прошу оперативно утвердить механизм, суммы и источники финансирования. Важно

начать реализацию, апробацию, а в случае успеха – масштабировать». Также он отметил: «Минсельхозу следует обеспечить обобщение и быстрое реагирование на них. Нужен единый колл-центр. Средства на поддержку весенне-полевых работ следует вовремя довести до адресатов».

К сожалению, данный механизм поддержки запаздывает, а СХТП продолжают испытывать трудности с финансированием. В предыдущие годы, при применении форвардного закупа зерна АО «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация» в качестве гаранта за СХТП, были использованы возможности региональных Социально – предпринимательских корпораций (далее –СПК). При такой схеме акиматы четко и своевременно отработывали все организационные вопросы с местными товаропроизводителями, проблем с возвратом средств не было.

В связи с чем, для проведения форвардного закупа, предлагаем рассмотреть использование возможностей региональных СПК. Во - первых, СПК, как финансовый институт акиматов, владеют полной информацией о заемщике. Во - вторых, закупаемая продукция, необходима прежде всего для потребностей местного населения. Данный механизм позволит пополнить Стабилизационные фонды и отрегулировать вопросы реализации продукции без посредников, что называется «от поля до прилавка». Предлагаем также проводить закуп продукции по нескольким направлениям: зерновые, крупяные, масленичные культуры, а также картофель и овощи.

Финансирование СПК возможно, как через АО «КазАгро», так и путем перераспределения части выделенных бюджетных кредитов из республиканского бюджета в местные.

Уважаемый Аскар Узакбаевич, в заключении ещё раз просим Вас обратить и заострить Ваше внимание на беспрепятственный проезд фермеров и СХТП так называемый «Зелёный коридор» в период ВПР! Важен каждый день и час, земля ждать не будет! (Сегодня в регионах Штабы регулируют данный вопрос по своему усмотрению, нет единого алгоритма и четких правил. Нет взаимодействия между МВД, МСХ и МЗ).

Просим рассмотреть депутатский запрос и о принятых мерах предоставить ответ в письменной форме в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.

**С уважением,
депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстана, члены
Комитета по аграрным вопросам**

**Б. Оспанов
Ж. Дуйсебаев
Н. Альтаев
Н. Ашимбетов
Е. Барлыбаев**

№ исх: ДС-82 от:
22.04.2020

А. Дауренбаев
А. Ералиев
Б. Жилкишиев
С. Звольский
Р. Ким
С. Каныбеков
А. Конуров
М. Темиржанов
С. Умбетов

*Исп.: Алимгожаев А.
Тел.: 74-67-47*